

ВЕБИНАР ТАҚЫРЫБЫ: Ауылшаруашылық дақылдарының тұқымдарына фитосараптама жүргізу мен оларды өндеудің тиімділігі



Бағыт: Өсімдік қорғау және карантин

Өткізілу уақыты: 25 шілде 2024 ж.

**«Ж. Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ»
ЖШС-нің Басқарма Төрағасы**

Лектор, а.ш.ғ.к.

Дуйсембеков Б.А.

Бекежанова М.М.

МАҚСАТЫ – вебинарға қатысушыларды ауылшаруашылық дақылдарының тұқым арқылы таралатын ауруларының түрлері мен оларға фитосараптама жүргізу мен тұқымды өңдеудің тиімділігі туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету, сонымен қатар, олармен күресудің кешенді стратегиялары мен әдістерін ұсыну

Міндеттер:

- 1. Ауылшаруашылық дақылдарының тұқым арқылы таралатын аурулары туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;**
- 2. Ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары, әрі таза өнім алу үшін, тұқымға фитосараптама жүргізу мен оны сауықтырудың маңыздылығын дәлелдеу;**
- 3. Саңырауқұлақтар қоздыратын аурулардың салдарынан а-ш дақылдары өнімділігінің қанша пайызға немесе центрге өнім жоғалтуға болатынын түсіндіру;**
- 4. Шаруашылықтағы бар тұқымдарға жай-көзбен қарау әдісі арқылы ауруларға шалдығу пайызын қарастыру.**

Фермер үшін тәжірибелік құндылық:

фермер тәуекелдерді болжауға, тұқым арқылы таралатын ауруларды уақытылы дер кезінде анықтауға, олардың алдын-алу мен бақылаудың тиімді шараларын анықтап, осылайша ауылшаруашылық дақылдар өнімділігі мен сапасын оңтайландыруға үйренеді

Ағымдағы жағдай

ТЕЗИС	Толығырақ
<p>Территориясы үлкен, ауа-райы құрғақтау және топырағы әртүрлі келетін Қазақстан үшін дәнді дақылдар бағалы дақылдар болып табылады. Астық шаруашылығы – дәнді дақылдар өндіру жүйесі, Қазақстандағы егіншілік кәсібінің негізгі саласы.</p> <p>2023 жылы Қазақстанда 16,6 млн гектар дәнді дақылдар жиналды, бұл жоспарланған алаңның 97% құрайды. Орташа өнімділігі 9,6 ц/га болған кезде 15,9 млн тонна астық бастырылды деп хабарлайды ВАQ.KZ Ауыл шаруашылығы министрлігіне сілтеме жасап.</p>	<p>Дәнді дақылдардың өнімділігін төмендететін факторлардың бірі – аурулар болып табылады. Дәнді дақылдар саңырауқұлақтар мен бактериялар және вирустар мен микоплазмалар қоздыратын көптеген ауруларға шалдығады. Қазақстанда бұл дақылдарда ақ ұнтақ, қара күйе, дақ, тат бактериоз ауру түрлері кездеседі: олардың ақ ұнтақ, қара күйе түрлерін, сызықты, сары, қоңыр және қортық тат, септориозды дақ пен гельминтоспориоздың бірнеше түрлері ауруларын саңырауқұлақтар қоздырса, жолақты бактериоз бен қуыршақтану ауруларының себепшісі бактериялар мен вирустар. Жалпы алғанда, дәнді дақылдар ауруларының барлық қоздырғыштарының 60%-дан астамы тұқыммен таралады. Тұқымда кездесетін микрофлора сапрофитты (пеницилл, аспергилл, мукор, альтернария және т.б.) және патогенді (қаракүйе, гельминтоспориоз, фузариоз және т.б.) болып табылады. Сонымен қатар, дәнді дақылдардың саңырауқұлақ ауруларының салдарынан өнім 20%, кейбір жылдары 30-50% дейін жетуі мүкін.</p> <p>Тұқымды дәрілеу, бұл – көптеген дақылдардың тұқыммен таралатын ауруларына тиімді профилактикалық шара. Дәнді дақылдар тұқымын дәрілеуге қолданылатын препараттар өсімдіктердің түптенуіне дейін толық ыдырайтындықтан, экологиялық тұрғыдан қатерсіз болып табылады.</p>

КЕЙС

Шаруашылық: Алматы облысы, Қарасай ауданының шаруақожалықтары.

Мәселені анықтау: ауру түрлері: соңғы жылдары Қарасай ауданының фермерлері дәнді дақылдарының тұқым арқылы таралатын аурулардың көбеюіне тап болды, бұл астық өнімділігі мен сапасының төмендеуіне әкелді.


Өнімділікке әсері: дәнді дақылдардың тұқым арқылы таралатын аурулары дақылдың өнімділігінің айтарлықтай төмендеуіне әкелді, бұл өз алдына - аймақтағы шаруақожалықтарының экономикалық әл-ауқатына әсер етеді.

Қабылданған шаралар: агротехникалық әдістер: ауыспалы егістерді енгізу, ауруларға төзімді дәнді дақылдар сорттарын таңдау және қоздырғыштардың таралуын азайту үшін тұқымды дәрілеу және топырақты үнемі өңдеу.

Алдын алу және күресу: тұқымға алдын-ала фитосараптама жасау, ауруларға қарсы тұқымдарды фунгицидтермен үнемі дәрілеу.

Нәтижелер: қосымша өнім алу: ауруларды басқарудың жаңа әдістерін енгізгеннен кейін дәнді дақылдар өнімділігі айтарлықтай жақсарды.

Шығындарды азайту: алдын алу шараларын жүзеге асыру оның сапасын арттыра отырып, егін шығынын азайтуға мүмкіндік берді.

АРПАНЫҢ ҚАРАКҮЙЕ АУРУЛАРЫ*Ерте кезеңдегі қаракүйе Ustilago hordei**Тозалды кезеңдегі қаракүйе Ustilago nuda***Drechslera graminea саңырауқұлағының таза себіндісі мен конидиялары**

ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНА ҰСЫНЫС

1. Үнемі фитосанитарлық мониторинг жүргізу арқылы аурулардың дамуын бақылауда ұстау, қажет жағдайда, дер кезінде профилактикалық немесе күресі шараларын жүргізу;
2. Өсімдіктердің өсу кезеңі бойынша фенологиялық мәліметтер мен қатар ауа-райы жағдайын бақылап, жазып, бекітіп отыру қажет;
3. Топырақты өңдеу жұмыстарын, сонымен қатар тұқымды фитосараптамадан өткізіп, соның нәтижелеріне сүйене отырып дәрілеу жұмыстарын тиянақты әрі сапалы жүргізіп отыру қажет;
4. Дақылды өсіру барысында қолданылатын минералды тыңайтқыштарды, өсімдік қорғау құралдарын, техникаларды үнемі бақылап, есеп жүргізіп отыру қажет.

БИДАЙДЫҢ ҚАРАКҮЙЕ АУРУЛАРЫ



ҚАТТЫ



ТОЗАНДЫ

АРШАНЫҢ ҚАРАКҮЙЕ АУРУЛАРЫ



Тасты қаракүйе Ustilago hordei



Тозаңды қаракүйе Ustilago nuda


















ФИТОСАРАПТАМА НӘТИЖЕЛЕРІ







Зертханада орама қағаз әдісіне талдау жүргізу





P 0937
Кукуруза



Контроль



Оздоровлено



Контроль



Оздоровлено




Контроль



Оздоровлено











ТҰҚЫМ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚ АРҚЫЛЫ ТАРАЛАТЫН ИНФЕКЦИЯҒА ҚАРСЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПРЕПАРАТТАР

Препарат	Әсер етуші заты	Зиянды ағза, ауру, нысан	Жұмсалы мөлшері, л/т, кг/т
Селест Топ 312,5, к.с., 1,4 л/т	Тиаметоксам, 262,5% г/л + дифеноконазол, 25 г/л г/л + флудиоксонил, 25 г/л	Блошки, трипсы, злаковые мухи, проволочники, тозаңды, қатты (тасты) қаракүйелері, тұқымның зеңденуі, Тамыр шіріктері, өсімдіктің өсу үдеткіші	1,0-1,8
Тринити, к.с.,	Имидаклоприд, 233 г/л+ тебуконазол,13 г/л	тозаңды, қатты (тасты) қаракүйелері, тұқымның зеңденуі, блошки, трипсы, злаковые мухи	1,5-1,75
БЕНЕФИС, м.э.	(имазалил, 50 г/л + металаксил, 40 г/л + тебуконазол, 30 г/л)	тозаңды, қатты (тасты) қаракүйелері, тұқымның зеңденуі, Тамыр шіріктері	0,5-0,7
ИНШУР ПЕРФОРМ, 12% к.с.	(тритиконазол, 80 г/л + пиракло- стробин, 40 г/л)	тозаңды, қатты (тасты) қаракүйелері, тұқымның зеңденуі, Тамыр шіріктері	0,3-0,4
РЕДИГО ПРО, к.с.	(протиокконазол, 150 г/л + тебуко- назол, 20 г/л)	тозаңды, қатты (тасты) қаракүйелері, тұқымның зеңденуі, Тамыр шіріктері	0,35-0,45

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ**